

М. Аябекова, 3-курс

*Ғылыми жетекші — Ж. И. Ибрагимов, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
(Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасына айналуға тиіс. Құқықтық сана дегеніміз — тұлғаның қолданыстағы немесе қабылданатын құқық нормаларына деген көзқарастары мен сезімдерінен, оларға тиісінше баға беру мүмкіндіктерінің жиынтығы. Құқықтық сана-сезімнің басты мақсаты — адам, азамат, қоғам мүддесіне сәйкес келетін, олардың мүдделерін қанағаттандыратын құқықтық нормаларды ортақ игілік үшін қабылдау қажеттілігінің негізгі бастамашысы болып табылатындығында. Мемлекеттің саясатының негізгі құрамдас бөлігі — адамның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сананы қалыптастырумен бағаланады. Қоғам үшін ең қымбат қазына — ол адам, адамның бостандығы мен өмірі. Бүгінгі жастар осы қымбат қазынаны бағалай білуі тиіс. Сол себептен құқықтық мәдениетті қалыптастыру тәрбиенің негізгі мақсаты. Жас кезеңінен мемлекет заңдары мен қоғамда өмір сүру ережелерін құрметтеуге, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзбеушілікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға тәрбиелеу — құқықтық тәрбиенің негізгі мақсаты. Осы сапалар болашақ қоғам азаматының құқықтық мәдениетінің мәнін құрайды.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығына аса назар аударып былай деген: «Өркениетті қоғамда құқықтық мәдениет әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылатын кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша, біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз неғайбыл»ⁱ. Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» жалпыға ортақ стратегиясында: «Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы — қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам. Біз құқықтық нигилизмді жеңіп, қоғамды қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне тартуымыз керек»ⁱⁱ. Қазақстан Республикасының статистикалық мәліметтеріне жүгінер болсақ, Қазақстан Республикасында 2007–2008 жылы 509318, 2009–2010 жылы 533735, 2011–2012 жылы 583185 істер қаралған. Оның үштен бір бөліктерінің ғана шешімі табылған. Жоғарыдағы айтылған мәселеге дәлел ретінде 2011 жылдың тамызынан бастап «Медиация туралы» жұмыс істеп келе жатыр. 2012 жылдың статистикалық мәліметіне сүйенсек, соттарға 653 мың талап, арыз және басқа да өтініштер келіп түсті. Шет мемлекеттермен салыстырмалы түрде қарасақ, осы әдіс яғни, АҚШ-та — 90 %-ға жуық, Ұлыбританияда — 87 %, Словенияда — 40 %, Қытайда — 30 % даулар шешіледі. Яғни, сот өз қызметінде әділ шешім шығарса, елімізде әрбір азаматтың санасында құқықтық мәдениеттілік, құқықтық мәдениет жаңғыратыны анық. Соған сәйкес Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Ұлттық сот жүйесінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясындағы міндеттері» атты VI съезінде сөйлеген сөзінде: «Қазақта «билік айту оңай, біліп айту қиын» деген сөз бар. Әділ қазылық ету — кез келген судьяның қасиетті парызы. Ол үшін заңды бес саусақтай білу жеткіліксіз. Ең бастысы, би адал, әділ болуы керек. Қазы — халықтың ожданы. Ол қара қылды қақ жарған әділ болса, даугерлер төреліктің дұрыстығын күмән келтірмейді. Айыпкер заң бұзғанға зауал бар екенін түсінеді». Тоқсан ауыздың тобықтай түйіні, әр отбасындағы ата-ананың басты парызы — ел болашағының тұтқасын ұстайтын жастарымызды адал, иманды ұрпақ етіп тәрбиелеп өсіру. Ал, мемлекеттің алдында тұрған міндеті — әрбір жас жеткіншек немесе орта буын, тіпті аға буын болсын барлығының жүрегіне, ойына құқықтық сананы және мәдениеттілікті орнату.

Осы тұста әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі деген сөзі еріксіз ойға оралады. Демек, кез келген тұлғаға білімнен бұрын тәрбие берілу керек. Адамға тәрбиені ата-ана, оқу орындары, қоғам береді. Ия, «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» демекші, ата-ана жас жеткіншектерге жастайынан мәдениеттілік пен құқықтық сана ұғымын түсіндіріп жеткізсе, қоғамдағы құқықбұзушылықтар саны азаятыны анық. Сондықтан бүгінгі ұрпаққа құқықтық мәдениеттің даму тенденциялары мен болашағы отбасының және мемлекеттің еншісінде екенін естен шығарып алмайық. Біздің ойымызша, халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам — ең дамыған қоғам. Біздің мақсатымыз — дәл сондай қоғам құру болып табылады.

ⁱ Назарбаев Н. Ә. Ұлттық сот жүйесінің «Қазақстан-2050» стратегиясы аясындағы міндеттері атты VI съезі // Заң. 2013. 20 қараша. 3-б.

ⁱⁱ Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012. 14 желтоқсан. <http://www.inform.kz>